№ 1 педагогикалық кеңес
отырысында қаралды.
«31» 08 2021 ж.

«Бекітемін» ____________
Мектеп директоры М.С.Наменова
"02" 09 2021ж.

# № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша 2021 -2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

## Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

Оқушылардың тұлғалық құзіреттілігін арттыра отырып, өмірге икемделген, жан-жақты бейімделген Отансүйгіш тұлға тәрбиелеу.

## Тәрбие жұмысының мақсаты:

-оқушының рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпы адамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту;
-оқушының өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;
-экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

## Тәрбие жұмысының міндеттері:

-оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілік пен қабілеттілікке бірте-бірте баулу;
-Отандық және дүниежүзілік мәдениетке бейімдеу;
-Қазақстан Республикасында қазақ және басқа ұлттардың салт-дәстүрін, тарихын оқу, мемлекеттік және басқа тілдерті меңгеру;
-Кешенді тәрбие бағыттарын класс жетекшілер барлық кластарда оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тиімді пайдалану;

# Тәрбие жұмысының 8 бағыты

**1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жкмқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

**2.Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтары-мен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

**3.Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностармен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

**4.Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты:** ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психология-лық педагоги-калық құзіретті-ліктерін және жауапкерші-ліктерін арттыру.

**5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

**6.Көпмәде-ниетті және көркем эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік құру.

**7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**Мақсаты:** білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестен-діруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлілігін дамыту.

**8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру**

**Мақсаты:** салауатты өмір салты, дене дамуы және психоло-гиялық денсаулық сақтау дағдылары, оған зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату

| Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **қыркүйек** | | | |
| **Ұйымдастыру шаралары және талдау - диагностикалау** | 1.Класс жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын құру, бекіту.<br>2.Ата-аналар жиналысы. Ішкі тәртіп ережесімен таныстыру<br>3.Құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жоспарын құру, бекіту.<br>4. Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстары<br>5.«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубын ұйымдастыру<br>6. Діни тәлім-тәрбие алатын оқушылар туралы мәлімет жинақтау. | ДТІЖО | 01.09-05.09 |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1.«Тәуелсіздік жетістіктері» алғашқы білім сағаты<br>2.«Кел, балалар оқылық!» 1 кластарға салтанатты жиын.<br>3. «Туған тілім - анам тілі, өз тілім!» кітапхана көрме<br>4.«Жас ұлан» оқушылар ұйымының топ басшыларын сайлау | Класс жетекшілер<br>ДТІЖО<br>Ермекбаева К.<br>Тәлімгер | 01.09<br>01.09<br>09.09<br>07..09-19.09 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1.«Мектепке жол» акция<br>2.«Жолдан абай бол!» қауіпсіздік жол акциясы | Әлеуметтік педагог<br>Баймурзаева Т. | |
| **Отбасы тәрбиесі** | 1.Отбасы күніне орай класс сағаттары<br>2.«Өнегелі отбасы» отбасылық байқау<br>3. «Қызғалдақ» қыздар клубының жоспарын құру.<br>4.Ұлдар клубының жоспарын құру | Класс жетекшілер<br>Тәлімгер<br>Тәлімгер<br>Қ.Нурбаев | 06.09 – 10.06<br>15.09 |
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1. 9,11 класс түлектерін еңбекке орналасуы. | ДТІЖО | |
| **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** | 1.«Салауаттылық – денсаулық негізі» денсаулық марафоны<br>2.«Толағай» отбасылық спорттық жарыс<br>3.« Пандемия - әлемдік дерттің алдын алу» 1-11 кластарға түсіндірме жұмыстары<br>4.Наркобекет жылдық жоспарын құру | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>тәлімгер<br>медбике<br>медбике | 10.09<br>11.09<br>02.09-10.09 |
| **Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие** | Тілдер мерекесіне арналған қабырға газетін шығару | тәлімгер | 13.09 |
| **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | Үздік эссе Тілдер күніне орай | Таңатарова А. | 08.09 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **қазан** | | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1.«Заңды білген жөн екен»(құқықтық сана)<br>2.карттар күніне арналган тәрбие сагаттары (дәстүр мен ғұрып<br>3.Ұстаздар күні. Өзін-өзі басқару. Мерекелік шара<br>4. «Жолдан абай бол!» түсіндірме жұмыстары | Құқықтық кеңес<br>Жасұландықтар<br>11 класс<br>тәлімгер | 01.10<br>01.10 |
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1.Тәуелсіздікке 30 жыл. Рәміздердің макетінен көрме. 5-8 кластар<br>2. «Алтын күздің сыйлары» дәнді дақылдардан көрме 1-4кластар (еңбек-елдің мұраты)<br>3. «Таза мектеп ауласы» (экологиялық тәрбие) | Тәлімгер<br>Класс жетекшілер | 4-18.10<br>Бейсенбі,сенбі |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1.«Айналаңа қуаныш сыйла» көңіл-күй сыйлау акциясы. 3-5кластар (психологиялық көмек көрсету)<br>2. «29 қазан» дүниежүзілік қамқоршы күні»- қамқоршы ата-аналармен кездесулер, ашық тәрбие сагаттары, концерттік бағдарлама (отбасы-орта мектеп)<br>3.Ы.Алтынсарин 180 жылдығына орай әдеби-музыкалық кеш(оқуға құштар мектеп) | психолог<br>ДТІЖО<br>Дукалова А. | 4.10-8.10<br>29.10 |
| **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | 1.«Досыңа кітап сыйла» Электрондық оқулықтарды жүктеу (оқуға құштар мектеп)<br>2.Ұшқыр ой алаңы. Дебат клубының жоспарын, құрамын бекіту<br>3. «Мектеп аруы -2021» 7-10 кластар (дәстүр мен ғұрып) | Ермекбаева К.<br>Таңатарова А.<br>ДТІЖО | 11.10-15.10<br>29.10 |
| **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** | 1.«Мен жарқын болашақты таңдаймын». Ұлттық алькагольден бас тарту күніне (құқықтық сана) | медбике | 28.10 |
| **қараша** | | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» (құқықтық сана) | Құқықтық кеңестің отырысы | |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1.«Менің қояр сұрағым...» қыздармен ашық әңгіме(дәстүр мен ғұрып) 7-11класс қыз балалар | Психолог,тәлімгер, медбике | 12.11 |
| **Отбасы тәрбиесі** | 1.«Әке – Асқар тау.» әкелер мектебі (отбасы-ортақ мектеп) | ДТІЖО | 5.11 |
| **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | 1.«Елім менің» интеллектуалды ойын 9класс (дебат клубы)<br>2. «Еркін оқу кеңістігі» .20 минуттық оқуды ұйымдастыру (оқуға құштар мектеп) | Таңатарова А.<br>Ермекбаева К. | 30.11<br>Жыл бойына |
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1.«Алтын күз» сурет байқауы (экологиялық мәдениет) | Тәлімгер | Күзгі демалыс |
| **Дене тәрбиесі, салауатты** | 1.«Салауатты Қазақстан» 1-желтоқсан Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы | Класс жетекшілер | 29.11. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **өмір салты** | күрес күніне тәрбие сағаттар (қоғамға қызмет) | | |
| **Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие** | «Біз талантты іздейміз!» пародиялық байқау (Балалар және театр) | ДТІЖО | 26.11 |
| | **желтоқсан** | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1 Жас Ұлан, Жас қыран ұйымына қабылдау салтанатты жиын<br>2. «Тәуелсіздік – биік тұғырым!» мерекелік шара<br>3. «Тәуелсіздік тұғыры – Ұлы Дала арманы» кітап көрмесі (оқуға құштар мектеп)<br>4. «Әдепті бала-арлы бала» жағымсыз әдеттердің алдын алу (құқықтық сана) | тәлімгер.<br>Күншуақ шаңырағы<br>Ермекбаева К<br>ДТІЖО | 13.12<br>15.12<br>15.12 |
| **Ұлттық тәрбие** | 1.«Мәңгілік ел тарих толқынында» (дәстүр мен ғұрып жобасы)<br>2.Қош келдің Жаңа жыл мерекелік шара | тәлімгер<br>ДТІЖО | 14.12 |
| **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | ..« Есірткісіз әлем-менің әлемім» (дебат клубы) | Дебат жетекшісі,Тәлімгер медбике | 1.12 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1. «Бой түзеу – алдымен ой түзеу» ерте жүктіліктің алдын-алу жиналысы. 8-11класс қыз балалары (дәстүр мен ғұрып)<br>2. «Әлем Елбасы туралы» Н.Ә.Назарбаев 80 жас | Психолог, тәлімгер,медбике<br><br>Ермекбаева К. | <br>18.12<br>1.12 |
| **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** | 2. «Салауатты өмір салтын ұстан» қабырға газеті | Тәлімгер, Класс жетекшілер | 1.12 |
| | **қаңтар** | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1.«Ұлы Дала мұрагерлері» бейнеролик дайындау (музей сабақтары) | тәлімгер | |
| **Отбасы тәрбиесі** | 1.«Отбасындағы эмоционалдық ахуал» сауалнама.8-9кластар (психологиялық көмек) | психолог | |
| **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | 1.«Тарих мұрасы» мұражайларға саяхат 5-6 кластар (музей сабақтары)<br>2. «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» дебат клубы<br>3. «Көшбасшы» интеллектуалды ойын (өзін-өзі басқару) | класс жетекшілер<br>жетекшісі<br>тәлімгер | Қысқы демалыс<br>21.01.2022 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1.«Ансар» теолог мамандарымен кездесу (қоғамға қызмет)<br>2. «Үлгілі үйдің қыздары» жеке кәсіпкер аналармен кездесу (дәстүр мен ғұрып)<br>3. АК.Байтұрсынов 150 жыл әдеби-музыкалық кеш (оқуға құштар мектеп) | Адал ұрпақ мүшелері<br>ДТІЖО<br>Ермекбаева К. | 28.01.2022<br>27.01.22 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1.«Алақай, қыс!» класпен табиғат аясында фотоколлаж дайындау (экологиялық мәдениет) | Класс жетекшілер | Қысқы демалыс |
| **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** | 1. «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» сурет байқауы (құқықтық сана) | Ермекбаева К. | |
| **ақпан** | | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1. «Мен заңмен қорғалғанмын ба?» тәрбие сағаттары 6-9кластар (құқықтық сана)<br>2. Поэзия, ән байқауы мұғалімдер арасында (мектеп өмірінің бір күні)<br>3. «Ғасыр ғұмырлы ғажап ақын» Ж.Жабаев 15 жыл.(оқуға құштар мектеп) | Класс жетекшілер<br>Тәлімгер<br>Таңатарова А. | 7.02.22<br>9.02.22 |
| **Ұлттық тәрбие** | 1.«Таланттарды іздейміз!» өнер байқауы<br>2. «Өз жеріңді таны» жобасы аясында «Ақтөбем, алтын бесігім» (музей сабақтары) | Тәлімгер<br>Абдигалиева Ш.<br>Калиева К. | 25.02.22 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1.«Тазалық –денсаулық кепілі» жеке бас гигиенасы туралы маман кеңесі<br>2..«Мамандық таңдау -өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» дебат клуб | Медбике<br><br>жетекшісі | <br><br>18.02 |
| **Отбасы тәрбиесі** | 1.«Мен анаммен мақтанамын» аналар мектебі.(дәстүр мен ғұрып) | ДТІЖО | |
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1.«Өмірін игі істерге арнаған адамдар» таным сағаты (оқуға құштар мектеп)<br>2. «Құстар біздің досымыз» ұя жасау (экологиялық мәдениет) | Ермекбаева К<br>Тәлімгер | <br>14-18.02 |
| **наурыз** | | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1.«Ауыл мен қала» рухани жаңғыру жоспарына сай 6-7 класс оқушыларының арасында видеоролик байқауы (қоғамға қызмет) | Класс жетекшілер | 20-30.03 |
| **Отбасы тәрбиесі** | 1.«Интернетке тосқауыл» видеоролик дебат клубы<br>2. «Ата-ана мен баланың қарым-қатынас» тренинг 5-7 кластар | жетекші<br>психолог | 7-15.03 |
| **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | 1.«Қызық екен...» интеллектуалды ойын (дебат клуб) | жетекшісі | 15.03 |
| **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** | 1. Аулақ бол жаман әдеттен! Қабырға газеті (құқықтық сана) | тәлімгер | 7-11.03 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1.«Қайырымдылық -асыл қасиет» (қоғамға қызмет)<br>2. «Қыз тәрбиесі – тектілік айнасы» қыздар жиналысы (дәстүр мен ғұрып)<br>3. Әз Наурыз! Мерекелік шара (дәстүр мен ғұрып)<br>4. «Анаға қарап, қыз өсер» байқау 8-9 кластар (дәстүр мен ғұрып) | Әлеуметтік педагог<br>Тәлімгер .<br>ДТІЖО | <br>4.03<br><br>18.03 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1.Жасыл кабинет. Класс кабинеттеріне гул отырғызу (эко мәжениет)<br>2. «Бұл мен.......» кәсіби бағдар бойынша мамандықтарға жарнама жасау. | Класс жетекшілер<br>Жумагалиева Ш. | |
| | **сәуір** | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1.Әскери – әскери шеру, патриоттық хор сайыс (еңбек -елдің мұраты) | АӘТД | 15.04 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1. «Әнші балапан» ән байқауы 1-5 сыныптар<br>2. А.Жұбанов кеші 115 жыл | Тәлімгер<br>Аманова А. | 22.04<br>29.04 |
| **Ұлттық тәрбие** | 1.«Ата-ананың қолдауы арманымның орындалуы» (кәсіби бағдар) дөңгелек үстел 9-11кластар.<br>2.Халықтар достығы-ел бірлігі мерекелік шара (дәстүр мен ғұрып) | психолог | 1-10.04<br>29.04 |
| **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 1.Таза көше. Сенбілік жұмыстар (эко мәдениет)<br>2. «Табиғаттың тамаша кезеңдері» экскурсияға шығу<br>3. «Мен кәсіпкерлер әлемінде» мамандармен кездесу (қоғамға қызмет)<br>4. «Қоқыссыз әлем» (экологиялық мәдениет ) | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>9-11 класс жетекшілері<br>Румагамбетова Д. | 29.04 |
| | **мамыр** | | |
| **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1.<br>2.«Отан қорғаушылар», «Жеңіс күніне» арналған шаралар<br>3.Ардагерім – ардағым! Ардегерлерге арналған кеш<br>4.«Жасасын Жасұландар!» кеш (қоғамға қызмет) | Ермекбаева К.<br>ДТІЖО<br>тәлімгер | 27.05<br>6.05<br>14.05 |
| **Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие** | 1..«Отан қорғаудағы батыл қадам» ардагерлермен кездесу<br>2.«Ештеңе ұмытылмайды, ештеңе ұмытылған жоқ» сурет көрмесі (еңбек – елдің мұраты) | ДТІЖО<br>тәлімгер | 3-5.05 |
| **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** | 1.Қазақ спорты. Ер балалар арасында эстафета | Альбеков Ж, Тәженов Н.<br>Үйірме жетекшілері | |

## 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды талдауы

**Мектебіміздегі тәрбие жұмысының мақсаты:** оқушылар бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрлерін дәріптеу, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу; ой-өрісі кең, эстетикалық талғамы жоғары, рухани адамгершілік қарым-қатынасқа дайын тұлға тәрбиелеу;

**Тәрбие жұмысының міндеттері:**

-оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілік пен қабілеттілікке бірте-бірте баулу;

-Отандық және дүниежүзілік мәдениетке бейімдеу;

-Қазақстан Республикасында қазақ және басқа ұлттардың салт-дәстүрін, тарихын оқу, мемлекеттік және басқа тілдерті меңгеру;

-Кешенді тәрбие бағыттарын класс жетекшілер барлық кластарда оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тиімді пайдалану;

№75 жалпы білім беретін орта мектеп 2021-2022 оқу жылын 416 оқушымен бастап, 427 баламен аяқтадық.. 2 мектепалды даярлық тобы және 1-11 кластар арасында 22 класс (22 класс комплектісі) бар. Төрт кластан біріктірілген 5 шаңырақ қауымдастығы және ЖасҰлан бірыңғай балалар жасөспірімдер ұйымы жұмыс жасайды.

| Жыл басындағы барлық оқушы саны | Жыл аяғындағы барлық оқушы саны | Оның ішінде ұлдар | Оның ішінде қыздар | Класс комп саны | МАД |
|---|---|---|---|---|---|
| 416 | 427 | 205 | 222 | 22 | 2 |

Барлық кластар бойынша ата-аналардың мекен-жайларына тұрмыстық жағдайын зерделеу актісі бойынша мектептің жалпы әлеуметтік статусы анықталды.

толық жанұя – 395Көп балалы жанұя - 213

Жартылай жанұя - 31Аз қамтылған жанұя - 65

Жартылай жетім - 5 Сәтсіз жанұя - 0

Толық жетім - 0 Оралман отбасы - 0

Қамқорлыққа алынған балалар – 0



Отбасылардың жалпы сипаттамасы:
Жанұядағы жалғыз бала - 6 Әкесінің білімі жоғары-80
АӘК алатын отбасы – 22Орта – 225
Тек анасымен тұратындар – 19Арнаулы орта – 90
Тек әкесімен тұратындар -1Аяқталмаған жоғары – 4
Мүгедек ата-ана- 13Анасының білімі жоғары – 126
Орта-181
Арнаулы орта-104
Аяқталмаған жоғары – 7




Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары бойынша мектепішілік «Шебер қолдар», «шахмат», «үстел теннисі», «волейбол», «футбол», «баскетбол» үйірмелері жұмыс жасайды. Мектепішілік спорт секцияларының тиімділігі мақсатына сай салауатты өмір салты қағидаларын шұғылданушылардың бойына сіңіруі, спортқа әуесқой және кәсіби деңгейде шұғылдану үрдісін ұйымдастыру, жарыстарға дайындау. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген мектепішілік,қалалық жарыстардан үйірме қатысушылары белсенділікпен қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Қосымша білім беру орталықтарымен байланыс жақсы қалыптасқан. Мектептен тыс мекемелердегі үйірмелерден «Қалалық техникалық шығармашылық Орталығы»ММ бейсермен тоқу, радиотехника үйірмесі, «Қалалық жас туристер стансасы филиалына «»Жас эколог» бағыты бойынша оқушылар қатысады. Үйірмелерге балалардың қызығушылығы өте жоғары.

| Барлық оқушы саны | Мектепішілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны | % | Мектептен тыс үйірмеге қатысатын оқушылар саны | % |
|---|---|---|---|---|
| 427 | 148 | 34% | 114 | 27% |

Тәрбие жұмысы негізгі 8 бағытта жұмыс жасайды.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жкмқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1-қыркүйек Білім күні мерекесі қарсаңында 1- класс оқушыларына арналып «Кел,балалар оқылық!» атты салтанатты жиын дәстүрлі форматта өткізіліп, 2-11 класс оқушыларына тұғырлы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерей тойына орай бірыңғай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



10 қыркүйек тіл мерекесіне орай, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды. 10 класқа Д.Елдесованың ұйымдастыруымен «Funny English»тақырыбында сайыс сабақ өтті. 9-11 класс оқушыларына «Елім менің» интеллектуалды сайыс, 6-8 кластар аралығында «Туған тілім –тірлігімнің айғағы» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.







21 қыркүйек республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының мектепішілік ұланбасын сайлауы өтті. Ұланбасыға 6 үміткер өз бағдарламаларын ұсынып, оны тыңдау барысында 5-11 класс оқушыларының дауыс беруі нәтижесінде, 10 класс оқушысы Исенғұл Али ұланбасы болып сайланды.



1-қазан қарттар күні мерекесімен әр класс бойынша «Атам, әжем - ақылшым» тақырыбымен инстапарақшада онлайн құттықтаулар орналастырылды. Қарттар күні қарсаңында жылдағы дәстүр бойынша жергілікті мекен-жайда тұратын тыл ардагерлері Габитова Әсия, Жайманова Бибігүл әжелерімізді оқушылар құттықтап қайтты. Нақтырақ айтсақ, аға тәлімгер бастаған Жасұландықтар Габитова Әсия әжемізді, Кемединова Ақтотының ұйымдастыруымен 7 ә класс оқушылары Жайманова Бибігүл әжемізді құттықтап, шағын сый-сияпатын апара отырып, баталарын алып қайтты.




Ұстаздар күні барлық оқушылар класс жетекшілердің ұйымдастыруымен онлайн құттықтаулар шеруімен ұстаздарға арналған ән-шашулар өткізілді. 11 кластың ұйымдастыруымен ұстаздарға арналған үлкен мерекелік шара өтті.
Құқықтық тәрбие бағыты бойынша 10-11 класс оқушыларына «Мен заңмен қорғалғанмын ба?» тақырыбында құқықтық сағат өткізілді. Шара барысында оқушылар халықаралық және мемлекеттік бала құқықтарын қорғау туралы заңдарын талқылап, өз пікірлерімен бөлісті. Ұйымдастырушы құқық пәнінің мұғалімі А. Кармысова.





1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай барлық кластарда тәрбие сағаттар өткізілді. Мектеп кітапханасында осы мерекеге арналған «Ел және Елбасы» тақырыбында көрме дайындалып, 2 а класына «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында викториналық интеллектуалды сайыс өткізілді.
Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектепішілік 1-11 кластар аралығында «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты патриоттық ән байқауы өтті. Қатысушылар туған еліне, жеріне арналған әндерін жоғары деңгейде орындап жүлделі орындармен марапатталды.





15 желтоқсан жылдағы дәстүрлі жоспарға сәйкес 2, 5 класс оқушылары Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды.





16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні , Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған Күншуақ шаңырағының ұйымдастыруымен үлкен мерекелік шара өткізіліп, мерекелік концертке мектеп ата-аналарының ішінен 1991 жылғы, яғни тәуелсіздікпен құрдас ата-аналар қонаққа шақырылып ұжымның атынан шағын сыйлық таратылды. Және барлық класта атаулы мерекеге арналған тәрбие сағаттар өтті.






3-ақпан күні 9-11 кластар аралығында 3-ақпан Дүниежүзілік сайлау күніне орай «Сайлауға қатысу- әрқайсысымыздың міндетіміз» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

1-наурыз «Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күніне» жұмыс жоспарына сәйкес Ақтөбе облысы Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің орынбасары Жұмабаев Амангелді Байішұлы, сондай-ақ Ауған соғысының ардагері Байжігітов Иса Галиевичпен кездесу кеші өткізілді.
8 ақпан 9 класқа «Біздің таңдауымыз құқықтық мемлекет» тақырыбында танымдық сабақ өтті. Өткізген құқық пәнінің мұғалімі Абдигалиева Ш.
21-сәуір күні ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу мерекесіне орай қала мектептерінің жоғарғы класс оқушыларының арасында «Жас жауынгер-2022»әскери-қолданбалы спорттық жарыс ұйымдастырылды.Сайысқа 7 команда қатысып,1-орынды мектебіміз қанжығасына байлады.






1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күніне орай барлық класта тәрбие сағаты өтті,сондай-ақ «Сұңқар»шаңырағының ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті.
9 мамыр-Жеңіс күніне орай барлық класта ерлік сағаттары өткізілді.1-8 класс оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушылар мен ұстаздарымыз тыл ардагері Тілепова Тойған әжеміз бен Жайманов Нағашыбай атамызды арнайы барып құттықтады.
Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай Кеңес Нокин елдімекен саябағындағы ескерткішке гүл шоғын қою рәсімі өтті.Аталған шараға №75,65 ОМ, «Нокин»мәдениет үйі қатысты.
25 мамыр мектебімізде «Сыңғырла,соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өтті. Салтанатты жиынға Алматы ауданының әкімі Көбенов Абат Ізімғалиұлы қатысып,мектеп бітіруші жас түлектерге ыстық лебізін білдірді.

2.Рухани-адамгершілік тәрбие
Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтары-мен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.
4 қазан - 18 қазан аралығында 1-4 кластар аралығында «Алтын күздің сыйлары» тақырыбында күзгі қолөнер көрмесі ұйымдастырылып, үздік жұмыстар марапатталса, 5-8 класс оқушылары Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай еліміздегі зәулім ғимараттардың макетін жасап, өз шеберліктерін көрсетті.





31 қазан мектепішілік «Мектеп аруы-2021» қыздар байқауы өткізіліп, байқауда 11 қыз өздерінің шеберліктерін, өнерлерін, белсенділіктерін көрсетіп, ішінен суырылып көзге түсіп мектеп аруы атағын жеңіп алған сұлуымыз 10 класс оқушысы Раушанкосова Айдана.



Күзгі демалыс уақытында 1-7 класс оқушылары класс жетекшілерімен белгіленген кесте бойынша «Ақтөбе тарихи-өлкетану» мұражайы саяхат жасап қайтты.






Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай 3ә класс жетекшісінің ұйымдастыруымен «Көркем сөз оқу» челенджі өткізілді.

9-11 класс ер балаларының бойына рухани-патриоттық сананы қалыптастыру мақсатында ақтөбе қаласы бойынша әскери патриоттық жұмыстар жөніндегі бөлім басшысы Кутанов Ізбасқан Шабанұлымен кездесу өтті. АӘД пәнінің мұғалімі Қ.Нурбаевтың ұйымдастыруымен өткен кездесуде балалар патриоттық тақырыпта көптеген кеңестер алып, ашық әңгімелесті.

8-ақпан күні оқушыларды сүйіспеншілікке, мейірімділікке баулу мақсатында 1-11 кластар аралығында «Балаға жүрек жылуы» атты жаппай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектебімізде 8-10 ақпан аралығында «Ашық есік күні-ынтымақтастықтың күші» тақырыбында №74,65 қауымдас мектептерге арналып ашық есік күні ұйымдастырылды. Шараның шымылдығын 9-ақпан ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні қарсаңына орай мектебіміздің ұстаздары ат салысып «Бүгін менің туған күнім...»атты шағын концерттік бағдарламамен ашты.

Қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 91 жасқа толуына орай 3 «Ә» класында «Мұқағали және Муза»тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

11-ақпан күні «Мейірімді өмір негізі» тақырыбында Ақтөбелік Жетесовтер отбасымен рухани кездесу өтті.

Мектеп кітапханасында Ақтөбе облысының 90 жылдығына арнап «Өмірін игі істерге арнаған адамдар» тақырыбында танымдық сабақ өтті

Ақпан айында кітапханашы Ермекбаева К.О ұйымдастыруымен «Шығарма ішіндегі бейне» тақырыбында шара өткізілді. Мектеп мұғалімдері кітапханамызға келіп жатқан жаңа әдебиеттермен таныстыу мақсатында көркем әдебиет кейіпкерлерінің образына еніп, оқулықты оқырманға таныстырып өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында жергілікті ақын Сәбит Байиолдиннің 80 жылдығына орай Н.Байғанин облыстық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Шындықты қанат етіп қаламына» тақырыбында өткен жыр кешіне мектебіміздің 5 класс оқушысы Өтебалин Наргиза мен 6 класс оқушысы Таран Абылай қатысты.

Халықаралық әйелдер күні карсаңында «Анаға тағзым» рухани-адамгершілік тәрбие беру орталығына барып 7-8 класс қыз балалары саяхат жасап қайтты.

Халықаралық әйелдер күніне орай барлық класта тәрбие сағаттары өткізілді.Сондай-ақ«Шамшырақ» шаңырағының ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті.

18-мамыр Балалар жылына орай мектебімізде ұйымдастырылған қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражатқа қиын жағдайға тап болған жас аналар мен бөбектерге қолдау көрсету мақсатында «Аналар үйіндегі» аналар мен бөбектерге қажетті тағамдары мен киім-кешектері алынып,сыйлықтар табысталды.





3.Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностармен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

Мектеп психологімен, медбике бірлесе отырып, 9-11 класс қыз балаларына ерте жүктілік, психологиялық денсаулық тақырыптарында кеңес сабақ өткізді. Өткізілген сабақтың мақсаты: қазақ халқының қыз тәрбиелеудегі салт-дәстүрін дамыту, қыз балаларды талғампаздыққа, әдептілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу,ерте жүктіліктің алдын-алу; Түрлі тренинг пен топқа бөлінген тапсырмаларда қыздар өз ойларын ортаға салып, еркін пікір алмасты.



«Менің қояр сұрағым» тақырыбында 7-11 класс қыз балаларының жоспарлы жиналысы болып өтті. Қыздар тақырыпқа сай ойларын ортаға салып, мазалап жүрген сұрақтарына медбикеден, психологтан жауап алды.

22 желтоқсан М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған мектепішілік «Әр өлеңі – бір әлем» атты 5-11 кластар аралығында ақын өлеңдерінен мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып, 38 оқушы үлкен белсенділікпен қатысып, көркемсөз шеберлері марапатталды. Ұйымдастырушы А.Дукалова, Г.Пирзадаева, А.Таңатарова.
1-наурыз Алғыс айту күніне орай барлық класта тәрбие сағаты өткізілді.Оқушылар ата-аналарына,ұстаздарына,құрбыларына жалпы әлемге алғыстарын түрліше жеткізді.
14-наурыз- Көрісу күніне орай «Қазақтың ұлттық ойындары»,«Бозбала мен бойжеткен» тақырыбында сайыстар ұйымдастырылды.Сонымен қатар «Ұлыс оң болсын» тақырыбында қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.
19-наурыз күні мектебімізде Алматы ауданының әкімі Абат Ізімғалиұлы мен қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері Айбек Сағынбаевичтің қатысуымен «Қош келдің,Әз Наурыз» тақырыбында ауқымды іс-шара ұйымдастырылды.Шара барысында мектеп спорт залында зәулім киіз үй тігіліп,ұлттық асымыз көже пісіріліп,ұлттық ойындар ойнатылып, қазақтың салт-дәстүрінен әдет ғұрыптар назарға ұсынылды.




4.Отбасы тәрбиесі
Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзіреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.
Отбасы күніне орай әр класта тәрбие сағаттар өткізіліп, әр отбасының бақытты сәттерінен суреттер, видеолар парақшаға жарияланды. Аға тәлімгер Б.Жайлауқызының ұйымдастыруымен 5-6 класс оқушыларына ата-аналарымен қатысатын отбасылық «Толағай» спорттық – эстафеталық жарыс ұйымдастырылып, үш отбасы жеңістерімен марапатталды. Және бастауыш кластар аралығында «Өнегелі отбасы» отбасылық байқауға аналарымен қатысып, байқау соңында парасатты отбасы, өнерлі отбасы, заманауи отбасы, мерейлі отбасы, өнегелі отбасы номинацияларымен марапатталды.





Мектебімізде биылғы оқу жылынан өз жұмысын бастаған «Ұлағат» әкелер мектебінің 10 қараша кезекті отырысы болып өтті. Мектеп бойынша 61 әке қатысып, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі туралы ой бөлісіп, кеңестер айтылды.
Мектеп кітапханашысы К.Ермекбаева «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарына сәйкес, оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын ояту, кітап оқуға шақыру мақсатында «Менің үйімдегі кітаптар» тақырыбында 4 «ә» класс оқушыларының қатысуымен кітап оқыту шарасы жүргізілді.
Отбасы құндылығын арттыру және әкелер мектебін дамыту мақсатында мектебімізде МАД және 11 класс оқушыларының әкелері арасында «Менің әкем» атты байқауының мектепішілік кезеңі болып өтті. Байқау нәтижесі Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз мерекесінде жарияланып,жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.
Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Сарқылмайтын жылылық-Ана атты ұлылық»атты мектепішілік сурет байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша 1-орын иегері 5кл оқушысы Мұрат Алмат.2-орын иегері-7 «Ә» класс оқушысы Айсағым Жандәулет, 3 орын иегері 7 «а» класс оқушылары Шүйіншбаева Айназ бен Қуандық Асылжан марапатталды.
15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай ата-ана,оқушы, ұстаз арасындағы ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ету мақсатында мектебімізде ата-аналар мен ұстаздар арасында волейболдан жарыс өткізілді.
«Қазақстан әкелері» Республикалық әкелер қауымдастығының ұйымдастыруымен 10-маусым күні Шығармашылық академиясында әкелер көрмесі өтті. Аталған көрмеге 1 «А» класс оқушысы Нұртілекұлы Абимансұрдың әкесі Жүгінісов Нұртілек Нағашыбайұлы қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.
18-қыркүйек мектебімізде сенбілікті қолдау барысында мектеп ауласы қоқыстан арылтылып, талдың түптері қопсытылды.Сондай-ақ гүлдерді баптау,абаттандыру және санитарлық тазалау іс-шаралары жүргізілді. Осындай ізгі бастама еліміздің болашағы, жас ұрпаққа табиғаттыңжанашыры болуына үлгі болмақ.
Балалар жылына орай көктем мезгілінде 1-4 кластар аралығында «Қанатты достар» тақырыбында құстарға ұя жасау байқауы өткізілді.Оқушылардың ата-аналарымен бірлесе жасаған ұялары көрмеге қойылды.Үздік жұмыстар марапатталды.
Сәуір айында мектеп ауласында таза сенбілік ұйымдастырылды.Сенбілікке ата-аналар да қолдау көрсетті.Еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту,дамыту еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында оқушылар да қатыстырылды.Әдемі көңіл-күймен оқушылар мен ұстаздар,ата-аналар жерді қопсытып, ағаштардысуарып, гүлзарларды шеберлік таныта отырып бояп шықты
Мектеп-біліммен сусындатып,үлкен өмірге қанат қақтырған киелі шаңырақ. Осындай үлкен өмірге қанат қаққалы тұрған тағы бір шәкірттеріміз 9 «Ә» класы білім ұясыныңауласына 12 түп ағаш отырғызып,білім ордасына деген алғыстарын жеткізді.Әр түлек өздері еккен теректерге есімдерін жазды.

6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік құру.
8 желтоқсан мектеп кітапханашысы мен қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен А.Байтұрсыновтың 148 жылдығына орай «А.Байтұрсынов қазақ халқының ұлы көсемі» тақырыбында танымдық кеш өткізілды. Кеш қонағы болып №12 қалалық кітапхана меңгерушісі Садық Жұлдыз қатысты.

9 желтоқсан оқушылардың бойында жемқорлық туралы ұғымды қалыптастыру мақсатында «Жемқорлық – індет, оны жою міндет» тақырыбында 9-11 класс оқушыларына дөңгелек үстел өтті. Өткізген тарих, құқық пәнінің мұғалімі Ш.Абдигалиева.




Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектепішілік 1-11 кластар аралығында «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты патриоттық ән байқауы өтті. Қатысушылар туған еліне, жеріне арналған әндерін жоғары деңгейде орындап жүлделі орындармен марапатталды.

2022 жаңа жылдық мерекелік ертеңгіліктер әр класта бөлек тәрбие сағаты ретінде өткізілді. Жаңа жыл қарсаңында қысқы демалыстағы балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатымен дайындалған жоспардағы шаралардың барлығы қббнің тапсырмасымен онлайн форматта өткізілді. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, оқушылары белсенділік танытқан 1а, 3 ә, 4 а, 4 ә, 5 ә, 7 а, 7 ә, 9 ә, 11 кластар.

Қаңтар айында балалардың жеке қызығушылықтарын айқындау мақсатында ұйымдастырылған «Тикток таланты» қашықтан байқауына 6 класс оқушылары және 9ә класс оқушысы Базарбаева Айым қатысып «Ерекше жұмыстар жариялағаны үшін» мадақтамасымен марапатталды.

23 мамыр 4 кластарда «Қош бол,бастауышым» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Сонымен қатар МАД тәрбиеленушілерінің «Қош бол,даярлығым» атты ертеңгілігі өтті.

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлілігін дамыту.

Мектеп кітапханашысы К.Ермекбаева «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарына сәйкес , оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын ояту, кітап оқуға шақыру мақсатында «Оқы, талқыла, суретте» тақырыбында танымдық сабақ өткізіп, «Анам мен әкем бізге кітап оқып береді», «Еркін оқу кеңістігі» тақырыптарында ата-анамен, оқушылармен жұмыстар ұйымдастырды.белсенділік көрсеткен кластар 2ә, 4 а, 1ә, және осы жоба аясында мектеп кітапханасын заманауи көркем әдебиетпен толықтыру мақсатында 9ә класс оқушылары класс жетекшісінің ұйымдастыруымен кітапханаға 20 кітап сыйға тартты.

Жаңадан бастау алып келе жатқан мектебімізде «Ұшқыр ой» дебат клубы жұмыс жасайды. Жетекшісі А.Таңатарова . 9-11 кластар аралығында аталған клубқа оқушы іріктеліп алынып, алғашқы шаралары «Білім алу онлайн немесе оффлайн» тақырыбында пікірталас өткізді. Дебат барысында өз ойларын еркін жеткізіп, сөйлеу шеберлігімен, тапқырлығымен көзге түскен Серманова Эльвира «Үздік спикер» атанды. Дебат клубының екінші ойыны желтоқсан айының 24 інде өтіп «Үздік фракция» атауын «Адай» фракциясы жеңіп алды.



Қаңтар айында 5-6 кластар аралығында «XXI ғасыр көшбасшысы» атты интеллектуалдық сайысы ұйымдастырылды.Алғырлығы мен зияткерлігі мен Мұрат Балауса көзге түсіп, «Көшбасшы»атанды.Жалпы сайыс қорытындысы бойынша: 1-орын Закиров Таир,2-орын Омарова Жібек,3-орын Таранова Айкөркем иеленді.



Мектеп кітапханашысы К.Ермекбаева «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарына сәйкес , оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын ояту, кітап оқуға шақыру мақсатында «Кітап оқитын адам-табысты адам» тақырыбында 4 «а» класс оқушыларына арнап паравозбен кітап апарып класс ішінде оқушылардың сүйікті кітаптарын жазып беру жұмыстары жүргізілді.

12-ақпан Кеңес Одағының батыры Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мемориалды музейі мен «Қалалық жас туристер стансасы»МКҚК бірігіп,Ақтөбе облысының 90 жылдығына арналған «Не?Қайда?Қашан?»зияткерлік сайысын өткізді.Сайысқа 7 мектептен үйірме білім алушылары қатысып, жүлделі 2 орынды «Жас эколог»үйірмесі (75ЖББОМ,8 класс) жеңіп алды.

11 класта әлеуметтік желіні оңтайлы және игілікті пайдалану, баланың денсаулығына өз жауапкершілігі туралы ой салу мақсатында «Әлеуметтік желіні игілікке пайдалана аламыз ба?» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

12-17 мамыр аралығында «Өрт қауіпсіздігі»,«Судағы қауіпсіздік» апталығы аясында сурет көрмесі өткізілді.Сонымен қатар аталған тақырыптарға класс сағаттары өткізіліп, жоғарғы класс оқушыларынан тест,сауалнамалар алынды.

17-мамыр «Балалар жылына» орай бастауыш кластар бірлестігі «Ертегілер елінде» атты сайыс ұйымдастырды. Оқушылар түрлі ертегілерді кейіптеп,сахналық қойылым қойып және де ертегі кейіпкерлерінің биін биледі.

18-мамыр 2 кластары арасында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты танымдық сабақ өткізілді.